

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV
UNIVERSITY

БЕКІТЕМІН
Қазақ және орыс тілдері
кафедрасының меңгерушісі
Үлербасов А.Ж.

«10»

2020 ж.



СИЛЛАБУС

LNG 10112 «Академиялық қазақ тілі»

(Пән коды мен атауы)

2 кредит

2020- 2021 оқу жылының күзгі семестрі

(күз/көктем) оқу жылы

Алматы 2020_

Ақжан Машани атындағы Базалық білім беру институты
Қазақ және орыс тілдері кафедрасы

1 Оқытушы туралы ақпарат:

Өмірзақова Альфия Кеңесқызы, филология ғылымдарының кандидаты, ассистент-профессор

(Оқытушының тегі, аты-жөні, лауазымы)

Оқу форматы - **100% онлайн, аралас және т.б.**
(қажеттісін қалдырыңыз)

Кіру: MicrosoftTeams

кеңсе: 610 а

(кабинет)

whatsapp +7(777)249-7235

Офис-сағаты: MicrosoftTeams

FB, VK, Telegram, Instagram

e-mail: a.omurzakova@satbayev.university

Курсқа қойылатын талаптар:

- Десктоп немесе лаптоп типті компьютердің болуы, басқа да гаджеттерді бір уақытта қолдану ұсынылады, бірақ міндетті емес.
- Жылдамдығы кемінде 0,5 Мбит/сек. болатын интернет-арнаның болуы.
- Microsoft 365 платформасында оқытушының өз суреті қойылған жеке аккаунты және корпоративтік поштасы болуы.
- Сабақ кестесіне сәйкес сабаққа қатысу міндетті.

2 Курстың сипаттамасы:

Курстың қысқаша мазмұны: Берілген курс орыс тілді аудиторияларының қазақ тілін білу дәрежесі академиялық қазақ тілі (B1) деңгейіндегі студенттерге арналған. Бұл курста студенттер қазақ тілінің академиялық мақсаттарда қолданылуына қатысты коммуникативтік және тілдік бірліктер меңгереді. Тілдік-танымдық бағыттағы материалдармен жұмыс барысында олардың сөйлеу біліктіліктерін жетілдіру, сөз әдебін, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Пән өту кезінде алған білім:

Сөйлесім әрекетінің түрі

Тыңдалым бойынша

Нәтижелер

- әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптардағы әдеби тіл нормасына сай айтылған қысқа хабарламалар, жаңалықтар мазмұнын түсінеді;
- әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге арналған телехабарлардың мазмұнын түсінеді;
- орта жылдамдықпен оқылған дәрістердегі, баяндамалардағы негізгі ойды түсінеді.

Оқылым бойынша

- күнделікті және кәсіби қарым-қатынастағы бейімделген мәтіндердің мазмұнын түсінеді;
- оқиғалар мен жаңалықтар, жеке сипаттағы хаттар мәтінін түсінеді;
- оқыған мәтін бойынша өз пікірін білдіреді;
- оқыған мәтіндердегі ойға өз көзқарасын білдіреді.

**Айтылым бойынша
(монологтік сөз)**

- оқыған немесе естіген ақпараттың мазмұнын баяндап айта алады және өз көзқарасын айта алады;

- көрген немесе естіген нәрселерін сипаттай алады және көзқарасын айта алады;
- жеке әсерлері, армандары және оқиғалар туралы өзінің ойын, пікірін жүйелі жеткізеді және өз көзқарасын дәйектеп айта алады.

Тілдесім бойынша

- ұсынылған тақырып (мысалы, «Қарым-қатынас», «Саяхат», «Баспасөз медиа» т.б.) бойынша хабарламалық сипаттағы диалог құрастыра алады;
- ұсынылған тақырып бойынша қарапайым прагматикалық диалог құра алады және пікірталасқа қатыса алады:
- ғылыми-көпшілік, мәдени-танымдық, әлеуметтік-мәдени тақырыптардағы пікірталастарда өз ойын айта алады.

Жазылым бойынша

- ресми және бейресми құттықтаулар, өтініш, ресми өмірбаян, арыз-шағым т.б. жаза алады;
- мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдап жаза алады;
- ұсынылған тақырып бойынша эссе жаза алады.

3 Күнтізбе тақырыптық жоспары:

Апта	Апта	Аудиториялық сабақтар		СӨЖ/СОӨЖ	Тапсыру мерзімі
		Практикалық сабақтардың тақырыбы	Грамматикалық тақырыптар	Әдебиеттер	
1-2	Қарым-қатынас	Бұрынғы өткен шақ. Салыстырмалы шырай	Н.: [1]; Қ.: [6-7; 12; 15-16];	Силлабуспен танысу. СӨЖ 1 «Елімнің болашағы менің қолымда» шағын шығарма жазу СОӨЖ 1 «Қазіргі әлемдегі Абай мұрасы» (ғылыми жоба)	24.08-28.08 31.08-04.08
3	Баспасөз медиа	Ауыспалы өткен шақ Септеулік шылау	Н.: [1;3]; Қ.: [5;8;15-17];	СӨЖ 2 Топтық жұмыс. «БАҚ\СМИ төртінші билік» тақырыбына пікірталас өткізу СОӨЖ 1 Жоба тақырыптарын таңдау, талқылау, бекіту	7.09-11.09
4	Өмір салты	Мақсатты келер шақ Болымсыздық есімдігі	Н.: [1]; Қ.: [7; 8; 15-17];	СӨЖ 3 «Әр елдің салты басқа....» тақырыбында видеопрезентация жасау СОӨЖ 1 Тандалған тақырып бойынша материал жинақтау, сұрыптау	14.09-18.09
5	Саяхат	Бұйрық рай+деп едім Болжалдық келер шақ	Н.: [1]; Қ.: [7; 11; 15-16];	СӨЖ 4 «Туған өлкем» тақырыбында видеопрезентация жасау. СОӨЖ 1	21.09-25.09

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

				Жинақталған материалдарды талдау, салыстыру т.б.	
6-7	Тұлғалар	Сын есім тудырушы жұрнақтар Салыстыру конструкциялары	Н.: [1]; Қ.: [7; 15-16];	СӨЖ 5 Ресми өмірбаян жазу СӨЖ 6 Белгілі тұлғадан сұхбат алу (жұптық жұмыс) СОӨЖ 1 Жоба презентациясын жасау	28.09-02.10 5.10-09.10
8	1-аралық (Midterm) аттестация			СОӨЖ 1 Қорғау	12.10-16.10
9	Мамандықтың бәрі жақсы Эссе жазу жолдары Эссе	Зат есім тудырушы жұрнақтар Бөлшектік сан есім	Н.: [1]; Қ.: [7; 15-16;17];	СӨЖ 7 «Сен де бір кірпіш дүниеге.... » эссе жазу СОӨЖ 2 «Дұрыс сөйлейік» аудио бағдарлама циклдарымен жұмыс	19.10-23.10
10	Отандық тауарлар Эссе	Мөлшер үстеу Етіс түрлері	Н.: [1]; Қ.: [7; 12; 14-17];	СӨЖ 8 Қызмет түріне, тауар сапасына жарнама және шағым жазу СОӨЖ 2 Таңдалған тақырып бойынша бағдарламаны тыңдау. Тыңдалған материалдарды конспектілеу	26.10-30.10
11	Әлемде талай қызық бар	Шартты рай Өзгелік етіс	Н.: [1]; Қ.: [7; 12; 14-17];	СӨЖ 9 Елтану курсы бойынша жоба дайындау (173 б.) СОӨЖ 2 Таныс емес сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс жасау (сөздік жұмыс)	02.11-06.11
12	Сән әлемі	Есімше Сын-бейне үстеулері	Н.: [1]; Қ.: [7; 12; 14-17];	СӨЖ 10 Топтық жұмыс. Пікірлесу (207 б.) СОӨЖ 2 СОӨЖ тапсырмаларын орындау	09.11-13.11
13	Тағам	Белгісіздік, сұрау есімдіктері	Н.: [1]; Қ.: [7; 12; 14-17];	СӨЖ 11 «Ас – адамның арқауы», «Ауырып ем ізгенше, ауырмаудың жолын ізде», «Ішің ауырса аузыңды тый, көзің ауырса, қолыңды тый» т.б. тарықыптардың біріне эссе жазу. СОӨЖ 2 СОӨЖ тапсырмаларын орындау	16.11-20.11
14	Білім	Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем	Н.: [1]; Қ.: [7; 12; 14-17];	СӨЖ 12 «Қазақ тілінен жеткен жетістігім» шағын шығарма жазу СОӨЖ 2 Презентация жасау	23.11-27.11

15	2-соңғы (Endterm) аттестация			Қорғау	30.11-04.12
	Соңғы емтихан			Жазбаша емтихан	

4 Әдебиет:

Негізгі әдебиет	Қосымша әдебиет
*Қазақ тілі. Орта деңгей/ Оқулық. – Астана, 2017. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : орта деңгейге арналған оқулық / А. Т. Бозбаева-Хунг [et al.]. - Астана : ҰТО: ҚазҰТУ, 2012. - 248 б. : сурет. - ISBN 978-601-7185-65-7. Авторы: Бозбаева-Хунг А. Т., Балабеков А. К., Досмамбетова Г. Қ., ж. б. Шифры: 811.512.122(075) Ключевые слова: Оқулықтар, Қазақ тілі Формат MARC21 <u>Электронный документ (тип: djvu, размер: 15149 Кб)</u> Ссылка: http://e-lib.satbayev.university/MegaPro/Download/MObject/1108	~Асыллов Ұ., Нұскабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. – Алматы:Рауан, 1998.
*Жақсылықова К.Б. Қазақ тілі (жалғастырушы деңгей). – Алматы, 2008. Қазақ тілі (жалғастырушы деңгей) [Текст] : оқулық / К. Жақсылықова; Қ. И. Сәтбаев атындағы Қаз. ұлт. техн. ун-ті. - Алматы : ҚазҰТУ, 2008. - 262 б. : сурет. - ISBN 9965-843-52-X : 927 тг. 84 т. Авторы: Жақсылықова Күлай Шифры: 4С(Каз)(075) - Ж 21 Ключевые слова: Қазақ тілі, Оқулықтар Экземпляры: Всего: 86, из них: АИИиТТ-11, АКМК-2, АРМК-30, Депоз_хр_61-43 <u>Электронный документ (тип: pdf, размер: 3481 Кб)</u> Ссылка: http://e-lib.satbayev.university/MegaPro/Download/MObject/1108	~Ермекова К., Қадыр С. Танымгер. 2-деңгей. – Алматы, 2011.
	~Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. Орта деңгей. – Астана, 2012.
	Web сілтемелер: 10. www.til.gov.kz (қазақ тілін жеделдетіп оқытуға арналған мультимедиялық кешен). Астана, 2010 ж. 11. www.soyle.kz 12. www.kitap.kz 13. www.bilimpaz.kz 14. www.bag.kz 15. www.kaz-russ.kz 16. www.russ-kaz.kz 17. www.sozdik.kz 18. http://sozdikgor.kz

* Әдебиеттер кітапхананың электрондық ресурстарында қолжетімді

~ Әдебиеттер оқытушының оқу порталында қолжетімді.

5 Құзыреттілік шеңбері

	Құзыреттілік
--	--------------

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Оқыту дескрипторлары	Ғылыми-жаратылыстану және теориялық-дүниетанымдық	Әлеуметтік-жеке және азаматтық	Жалпы инженерлік, кәсіби	Мәдениетаралық және коммуникативтік	Арнайы мамандандырылған
Білім және түсінік	*	*		*	
Білім мен түсінікті қолдану	*	*		*	
Пікір білдіру және әрекеттерді талдау	*	*		*	
Коммуникативтік және шығармашыл қабілеттер	*	*		*	
Өздігінен білім алу және цифрлық дағдылар	*	*		*	

6 Қажетті жұмыстарды тапсыру кестесі

№	Бақылау түрі	Апталар															Ұпай
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
1-ші аттестация бойынша																	
1	Сабаққа қатысу және белсенділік	*	*	*	*	*	*	*									4
2	Студенттің өздік жұмыстары (СӨЖ)		*	*	*	*	*	*									9
3	Қатысымдық тапсырмалар	*	*	*	*	*	*	*									4
4	I СОӨЖ								*								8
5	Аралық бақылау								*								5
Барлығы:																	30
2-ші аттестация бойынша																	
1	Сабаққа қатысу және белсенділік									*	*	*	*	*	*	*	4
2	Студенттің өздік жұмыстары (СӨЖ)									*	*	*	*	*	*	*	9
3	Қатысымдық тапсырмалар									*	*	*	*	*	*	*	4
4	II СОӨЖ															*	8
5	Аралық бақылау															*	5
Барлығы:																	30
Емтихан																	
1	Қорытынды бақылау																40

* Қорытынды емтихан әр түрлі деңгейдегі 3 тапсырмадан, яғни 25 балдық екі қарапайым және 15 балдық бір күрделі тапсырмадан тұрады.

7 Бағалау рейтингі және критерийлер бойынша бағалаудың мүмкін болатын соңғы нұсқалары

Әріптік бағалау	GPA	балдар	Критерийлері
A	4	95-100	Оқытылатын курс көлемінен асатын білімнің ең жоғарғы стандарттарын көрсетеді
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B	3	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жақын жеткілікті білім
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім
C	2	65-69	Жалпы білім стандарттарының көбіне сәйкес келеді және қанағаттандырылғыш білім
C-	1,67	60-64	Қанағаттандырылғыш, бірақ кейбір білім бойынша стандарттарға сәйкес келмейді
D+	1,33	55-59	Минималды қанағаттандырады, бірақ кең ауқымды білім стандарттарына сәйкес келмейді

D	1	50-54	Стандарттарға сәйкес келуі күмәнді минималды қанағаттандырылдық өту балы
FX	0,5	25-49	Уақытша бағалау: қанағаттанарлықсыз төменгі көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыруды қажет етеді
F	0	0-49	Пәнді игеруге тырыспады. Студент емтиханнан айла арқылы баға алмақ болған кезде де қойылады
I	0	0	Уақытша бағалау: Курстың көп бөлігін сәтті аяқтап, нақты жағдайларға байланысты қорытынды бақылау іс-шараларын тапсыра алмауы
W	0	0	Студенттің пәннен өз еркімен бас тартуы және оны 6-шы оқу аптасына дейін игермеуі
AW	0	0	Студент академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушы оны пәннен алып тастауы

8 Бағалау критерийлері

Тесттен басқа әр жұмыс 4 критерий бойынша бағаланады:

- ұқыптылық пен дәлдік (A) – 30% (жұмыс қаншалықты ұқыпты және дәл есептелген)
- шығармашылық және креативтілік (T) - 30% (жұмыс қалай және қандай үлгіде ұсынылған)
- толықтығы мен жетілуі (H) - 40% (жұмыс қаншалықты терең, қисынды және құрылымдық түрде шешілді)
- ерекшелік (O) – арнайы 1.0;0.5 немесе 0 коэффициенті қолданылады.

Критерийлері	Өте жақсы (0.9-1.0)	Жақсы (0.7-0.9)	Қанағаттанарлық (0.4-0.7)	Қанағаттанарлықсыз (0-0.4)
Ұқыптылық пен дәлдік				
Шығармашылық және креативтік				
Толықтығы мен жетілуі				
Ерекшелігі				

Жалпы балл формула бойынша есептеледі:

$$Баға = (A + T + 3) \times O$$

Тапсырма түрлері бойынша білімді максималды бағалау

Сабаққа қатысу және белсенділік	8
Студенттің өздік жұмыстары (СӨЖ)	18
Қатысымдық тапсырмалар	8
I СӨЖ	16
1 Аралық бақылау	5
2 Аралық бақылау	5
Қорытынды емтихан	40
Барлығы	100

8 Жұмысты кеш тапсыру саясаты:

Студент дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындалып келуі керек. Барлық жұмыс түрлерін (практикалық және өзіндік) толық орындау және уақытында қорғау талап етіледі. Студент сабақтан кешікпеуі және қалмауы қажет, жауапты және ұқыпты болуы керек. Уақытылы тапсырылмаған жұмыс үшін максималды балды 10% төмендету көзделген. Егер Сіз белгілі себептермен аралық бақылауды өткізіп жіберуге мәжбүр болсаңыз, онда Сіз бұл туралы оқытушыға алдын ала ескертіп, ертерек тапсыру мүмкіндігін алсаңыз болады. Емтиханды себепсіз жіберіп алу Сіздің оны қайта тапсыру құқығыңыздан айырады. Егер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

сіз емтиханды дәлелді себептермен жіберіп алсаңыз, қайта тапсыруға арнайы рұқсат беріліп, емтиханның күні, уақыты мен орны белгіленеді.

9 Сабаққа қатысу саясаты:

Студент сабақтан кешікпеуі және қалмауы, жауапты және ұқыпты болуы қажет. Студент дәрістер мен практикалық сабақтарға дайын болып келуі керек. Практикалық жұмыстың есептеулерін уақытында тапсыруы, жұмыстың барлық түрлерін (практикалық және өзіндік) толық орындау талап етіледі.

10 Академиялық тәртіп және этика саясаты:

Басқа адамдардың пікірін құрметтеніңіз, төзімді болыңыз. Қарсы пікіріңізді дұрыс қалыпта білдіріңіз. Плагиатқа және адал емес жұмыстың басқа түрлеріне жол берілмейді. Басқа студенттер үшін емтихан тапсыруға, өзгеден көшіруге, айла қолдануға жол берілмейді. Курстың кез-келген ақпаратын бұрмалап отырған студент «F» қорытынды бағасын алады. Дәріс және практикалық сабақтардағы *белсенділік* сіздің қорытынды балл / баға алуыңызға тікелей байланысты. Көптеген теориялық сұрақтар дәріс материалдарына қосылып, тек дәріс сабақтарында оқылады. Сондықтан сабақты жіберіп алу сіздің үлгеріміңізге және сіздің соңғы бағаңызға әсер етуі мүмкін. Сабақ аяқталғанға дейін қандай да бір себептермен *екі рет* кету немесе кешігу *бір жіберілген сабақ* ретінде есептеледі. Алайда, тек сабаққа қатысу ұпайдың жоғарылауын білдірмейді. Сіздің сабақта үнемі белсенді болуыңыз қажет. Курстың міндетті талабы - әр сабаққа дайын болу. Оқулықтың көрсетілген бөлімдерін және қосымша материалдарды практикалық жаттығуларға дайындық кезінде ғана емес, сонымен бірге тиісті дәріске қатыспас бұрын да қарап шығу керек. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және университет қабырғасында білімді белсенді түрде алуға ықпал етеді. Пәнді оқыту шеңберінде кез-келген нысандағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырушы (мұғалім, студенттер немесе олардың атынан үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

Көмек: Өздік жұмыстарды орындау, оларды тапсыру және қорғау бойынша кеңестер, сондай-ақ өтілген материал туралы және оқылатын курс туралы барлық туындаған сұрақтар туралы қосымша ақпарат алу үшін оқытушымен жұмыс уақытында немесе тәулік бойы электронды байланыс құралдары арқылы байланыса аласыз.

Қашықтықтан оқыту барысында:

Сабақ кестесіне сәйкес міндетті түрде қашықтықтан сабаққа қатысу бұл сабаққа дайындығын анықтайды. Қашықтықтан сабаққа қатыспаған жағдайда студент оқытушыға тәулік ішінде хабарлауға және сабақты өздігінен үйрену жоспарын түсіндіруге міндетті.

- қашықтықтан оқытудың алдында ұсынылған материалдарды міндетті түрде оқу
- тапсырмаларды уақытында тапсыру. Кеш тапсырғаны үшін -10% айыппұлдар қарастырылған
- 20% қашықтықтан оқыту сабақтарына қатыспау - «F (Fail)» бағасына тең
- тапсырманы орындау кезінде плагиат пен алдауға жол берілмейді
- электронды гаджеттерді сабақта қолдану рұқсат етілгенімен, емтихан кезінде пайдалануға жол берілмейді.
- пәнді оқыту шеңберінде кез-келген нысандағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырушы (мұғалім, студенттер немесе олардың атынан үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

2020 ж. «20» 08 № 1 (кафедра атауы) кафедра отырысының хаттамасымен бекітілді.

Құрастырушы _____

(лауазымы)

Диржанов А.А.
(Тегі, аты-жөні)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Осы курстың жоғарыда көрсетілген критерийлері мен ережелеріне қол қоя отырып,
келісемін _____

	Студенттің тегі, аты-жөні	e-mail	Қолы	Мерзімі
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				

Оқытушы

(Тегі, аты-жөні)